



КӨКЕЙКЕСТІ



Ерлан ӨТЕГЕНОВ,
Ауыл шаруашылығы
министрлігі Су
ресурстары комитетінің
бас сарапшысы:

«Бюджетті бекіткен кезде теңгеге шаққандағы рубль бағамы 3,5 теңге еді. Қазір ол 5 теңгеге өсіп кетті. Сөйтіп, 40 млн текше метр су сатып алуға ақша жетпеді. Енді біз осы жетпеген сомаға Қаржы министрлігіне өтінім береміз. Оның көлемі шамамен 622 млн теңгені құрайды»

Батыс Қазақстан облысына Ресейден келетін судың құны жыл сайын 12-16 пайызға қымбаттауда. Бүгінде бір текше метрі 16 теңгеге бағаланды. Саратов облысындағы Қараөзен және Сарыөзен бойына су қоймалары салынуына байланысты Еділден келетін су деңгейі азайған. Егер бұл бағытта 30 миллион текше метр су жіберілмесе, екі өзеннің бойындағы 17 елді мекен, яғни 18 мың тұрғын ауыз сусыз қалады. Жәнібек

— Бөкей ордасы ауданының суландыру жүйесіне 11 миллион текше метр су керек. Республикалық бюджеттен биыл 1 млрд 1 млн теңге бөлінді. Сол кезде бекітілген бағаның ауытқуына орай, бүгінде қосымша 620 миллион теңге қаражат қажет болып отыр. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев бұл мәселенің күзде шешілетінін айтқан. «Бірақ бұл уақыт өте кеш болады», — дейді жергілікті мамандар.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 2-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ



Мәселе
санда
емес...

Үй салу үшін жер сұрап жүргендердің басым бөлігі жастар, жас отбасылар. Негізгі проблема оның санында емес, мәселенің тоқтап тұрғанында. Сол себепті бұл түйінді шешу керек. Себебі бүгінгі көтеріліп отырған жер мәселесінің арғы жағында баспанасыздар проблемасы да бар.

(Жалғасы 2-бетте)



ҚОЛДАҒЫ
БАЙЛЫҚТЫ
ҚОРҒАМАЙМЫЗ

3



ҚЫРҒЫЗСТАН:
АҚПАРАТТЫҚ
СОҒЫС

5



КҮРЕСПЕСЕҢ
КІМДІ
ЖЕҢЕСІҢ?

7



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

50,34



DOLLAR

333



EURO

375



РУБЛЬ

5,13

«ЖАС ҚАЗАҚ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ЗАҢ ОРТАҚ

бірақ әнші салық төлемей жүр



Таңның атысынан кештің батысына дейін ауыр жұмыс істеп, 40-50 мың теңге жалақы алатындар бар. Олар міндетті түрде ай сайын заң бойынша салық төлейді. Ал миллиондап ақша табатын әрі табысын ақпарат құралдарына еркін жариялайтын әншілеріміз ортақ заң қабылданса да, қазынаға көк тиын да төлемейді.

(Жалғасы 4-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» ЖАҢА САЙТЫ

jasqazaq.kz



Билік



капиталына салынатын инвестиция, инфрақұрылымды дамыту және отандастарымыздың келешегіне ақша жинау болып қалатынын қадап айтты. Президент: «Мен осы мәртебелі мінберде тұрып, қазақтардың, қазақстандықтардың бүгінгідей тоқшылық жағдайда бұрын-соңды өмір сүрмегенін айтқым келеді», – деді.

ИННОВАЦИЯҒА БЕТАЛЫС

Мемлекет басшысы 25 жылдан кейін Қазақстан қандай ел болатынына болжам жасады. Ол пленарлық отырыста өзіне қойылған: «25 жылдан кейін Қазақстан қандай ел болады?» деген сауалға:

«Келешек туралы айту қиын. Бірақ экономика мүмкіндігі мен еліміздің әлеуетіне карап, болжам жасауға болады. Біздің болашақ тұғырнамамыз – 2050 стратегиясы» деген жауап қатты. Одан әрі өз ойын былай жалғалды: «Меніңше, Қазақстан бірнеше ондаған жылдан кейін толық гүлденген елге айналады. 2050 жылы әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарынан табыламыз. Сол елде өз өміріне көңілі толатын адамдар өмір сүреді. Қазақстан өз халқының өміріне де, келетін қонақтарға да ең жоғары жағдай туғызатын ел болады. Біздің ұрпағымыз



Төлен ТІЛЕУБАЙ, Астана

Оффшорға салық енгізу қажет

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Астана экономикалық форумының мінберінен осындай ұсыныс айтты. Елбасы бүгінгі таңда сарапшылардың бағалауынша, оффшорлық шотта 340 триллион доллар сақтаулы тұрғанын мәлім етті. Президент: «Осы активтерге тым құрығанда, 1 пайыздық салық енгізетін болсақ, дамушы елдердегі білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жаңа деңгейге көтеруге болады. Мәселен, ЮНЕСКО-ның мәліметінше, кедей елдерде жалпы білім беруді қамтамасыз етуге жылына шамамен 50 млрд доллар қажет. Оффшор салығынан түскен қаражатты БҰҰ-ның бастамасымен құрылатын адам капиталын дамыту қорына аударып, одан әрі кедей елдердің аталған саладағы мәселесін шешуге болар еді», – деген ұсынысын халықаралық қауымдастыққа жеткізді.

ҚОР ЖЕТКІЛІКТІ

Елбасы еліміздегі индустриалды-инновациялық саясаттың, инвестиция тартудың жемісін жейтін күннің алда екенін мәлімдеді. Ол дағдарысқа карамастан, Қазақстанның халықаралық резервінің көлемі Ұлттық қорды қоса санағанда 95 млрд долларды құрайтынын, бұл ЖІӨ-нің шамамен 50 пайызына тең екенін хабарлады. Алқалы жиында Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандағы орташа жалақы мөлшері 17 есеге артты, 2 млн жұмыс орны ашылды. Атап

өтерлігі, жоғары экономикалық өсімге карамастан, халықтың табысында үлкен алшақтық болған жоқ. Кедейлік деңгейі барынша қысқарды», – деп атап өтті. Елбасы қарқынды дамыған еліміздің басымдығы адам

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

1,2 млн адамның баспана салу үшін жер теліміне қол жеткізе алмай жүргенін жазғанбыз. Артынша Ұлттық экономика министрлігі бұл мәліметті жоққа шығарды. Осыған орай, әлгі деректі жариялаған «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттар партиясының төрағасы, Сенат депутаты Әли Бектаевты сөзге тарттық.

Әли БЕКТАЕВ:

Мәселе санда емес...



Жас қазақ: Сіз «Қазақстан 2050» Жалпыұлттық коалициясының отырысында елімізде 1,2 млн адам үй салуға жер кезегінде тұрғанын айттыңыз. Бірақ Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев «Жас қазаққа» берген сұхбатында бұл мәліметті Сіздің қайдан алғаныңызды білмейтінін мәлімдеді. Сонда кімге сенеміз?

Әли Бектаев: Ол мәлімет жер реформасы жөніндегі комиссияда кейбір азаматтардың тарапынан айтылды. Негізінде, 1 млн 200 мың адамды отбасыға шаққанда орта есеппен 3 адамнан деп есептесек, кем дегенде 350-400 мыңға жуық отбасы болады. Яғни бұл үй салуға жер алуды қажет ететін отбасылар. Көбісі жастар, соның ішінде жас отбасылар бар. Негізгі проблема оның санында емес, мәселенің тоқтап тұрғанында. Сол себептен бұл мәселені шешу керек. Себебі бүгінгі көтеріліп отырған жер мәселесінің арғы жағында баспанасыздар проблемасы де бар.

Дарынов: «Әкімдер жерді қарапайым шаруаға бермейді» деді. Сіз осымен келіссіз бе?

Әли Бектаев: Жерді қарапайым шаруа ала алмайды. Өйткені, ол қаржы алуға қойылатын талап үлесінен шыға алмайды. Мысалға, кепілдікті алайық. Мемлекет есебінен берілетін жеңілдік тиісті қаржы институты арқылы беріледі. Ол үшін кепілдік болуы тиіс. Шаруаның тиянақты жері, мүлкі болуы шарт. Міне, осы жерде қиыншылық бар. Біз қазір неге: «Жерді шаруа жекеменшікке алсын» – деп жатырмыз? Егер оның өз жері болса, мемлекет беретін жеңілдікті пайдалануға мүмкіндігі молырақ болады. Негізінен, бұл мәселенің шешімі – жақында қабылданған «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» заңда көрсетілген. Майда шаруашылықтар іріленуі керек. Жерлері кеңеюі керек. Мұның бәрі жердің құнарлылығын арттыру үшін қажет.

Сұхбаттасқан Төлен ТІЛЕУБАЙ, Астана



Тамара ДҮЙСЕНОВА, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі:

«Қазір елімізде 9 мыңға жуық медициналық зат пен дәрінің атауы бар. Егер бюджеттен оған 117 миллиард теңге бөлінсе, оның 75 пайызы Қазақстанда жасалған фармаөнімге жұмсалады. Ал қалғаны өзге елден әкелінеді»

Мұхтар ТІНІКЕЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Министр ханым, Сіз айтып отырған дәрілердің 75 пайызы, теңіздің бір тамшысы ғана. Соңғы рет дәріханаға қашан бардыңыз? Ондағы дәрілердің қаншасы шет тілінде, қаншасы орыс тілінде, қазақ тілінде? Дәрінің басым бөлігі Үндістаннан, Франциядан т.б. елдерден әкелінеді. Менің ойымша, олар миллиардтаған долларға әкелінеді»



Сот

Директор мойындапты

Журналистер сот отырысына қатыспасын. Nur.kz ақпараттық порталына қатысты атышулы сот отырысында сайттың заңгерлері судьядан бірінші кезекте осы мәселені шешіп беруді сұрады. 365info.kz хабарлағандай, судья Гүлмира Жоламанова журналистерді шығарудан бас тартқан.



төтесінен қойды. Интернет-порталдың өкілі бұл сұрақты да жауапсыз қалдырды. Судья келесі сот отырысына порталдың бұрынғы директоры Алексей Кучин міндетті түрде қатысу керектігін айтты. Айта кетейік, Nur.kz порталына «542 авторлық мақаланы ұрлады», – деген айып тағылып отыр. Бұл үшін шағымданушы тарап 574,4 млн теңге талап етіп отыр.

Сот барысында «Internet Portal Nur» ЖШС қорғаушысы Артем Тимошенко «Nur.kz тарапынан плагиат болды ма? Басқа да ақпарат контентінен көшіргенде рұқсат ала ма?» деген сауалға жауап бере алмады. Defacto.kz авторы Сергей Сизинцев «Олай болса, СҚО ауданаралық экономикалық сотта портал директоры Алексей Кучин, барлық материалдың жарияланғанын растады. Оның бұл үлкен қателік деп айтуына не себеп? – деп сауалды

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

80

жасқа толған ақсақал Ақтауда докторлық диссертация қорғады

20

млн доллар. Семейде осынша қаражат медициналық мекеме салуға жетпей тұр

Қызықтан қызықтары

Есесіне, интернет бар



Жарығы жоқ, жолы жоқ, есесіне, интернеті бар ауыл! Алматыдан 60 шақырым жерде орналасқан Бәйдібек ауылының бүгінгі жағдайы осындай. КТК телеарнасы хабарлағандай, соңғы 5 жылда ауылға 30-ға жуық отбасы қоныстанған. Жарықтың жоқтығынан бұл ауыл тұрғындарына тұрмыстық техниканың еш қажеті жоқ. Телефондағы интернетін пайдаланайын десе, қуаты бітіп қалады. Аткамінерлер «Тағы кішкене шыдасандар, бәрі болады», – деп уәде беріпті.

Оқшау ой

Қолдағы байлықты қорғамаймыз



Қазір Қазақстан Еуразия экономикалық одақтағы 5 елдің ішінде қоршаған ортаны қорғауға арналған министрлігі не арнайы құрылған агенттігі жоқ жалғыз ел болып отыр. Мәселен, Ресейде Табиғат ресурстары және экология министрлігі, Беларусьте Орман министрлігі, Арменияда Табиғатты қорғау министрлігі, Қырғызстанда үкімет жанындағы Қоршаған ортаны қорғау және орман шаруашылығы мемлекеттік агенттігі бар. Ал елімізде бұл мәселемен Ауыл шаруашылығы министрлігінің орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитеті айналысады.

Жақында Энергетика министрі Канат Бозымбаев:

«Қоршаған ортаны қорғау комитетін экологтарға қайтарғымыз келеді. Басшылық тарапынан бұл мәселеге қолдау тапты. Сондықтан, жазметкерлердің біліктілігіне талапты күшейтіп, жұмыстың нәтижесін арттыруға күш саламыз. Бұл органның ашықтығын қамту керек, себебі қоршаған ортаның мәселесі қоғамның ажырамас бөлігі» дегенді айтты.

Бұл табиғат жанашырларын елең еткізгені анық.

Дегенмен, қоршаған ортаны қорғау мәселесінің ауқымына үңілсек, бұл жеткіліксіз көрінері хақ. Өйткені, қазір әлемнің дамыған елдері жер қойнауындағы минералдық қазба байлыққа емес, ондағы өсімдіктер мен жан-жануарлар дүниесінің қорғалуына көбірек көңіл бөледі. Бұл бағытта түрлі заңнамалар қабылдап, оны халықаралық және әлемдік деңгейге көтеруде. Дүниежүзіндегі ең бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына қосылуы алдына мақсат етіп отырған еліміз бұл бағытта өзгелерден көп артта қалып қойды.

Атап айтқанда, өнеркәсіптік және дәрілік маңызы жоғары өсімдіктердің қорғалуы көңіл көншітпейді. Нарықта құны валютамен бағаланатын көптеген өсімдіктер заңсыз айналымға түсіп, шетелдіктердің табыс көзіне айналғанын бұқаралық ақпарат құралдары айтудай-ақ айтып, жазудай-ақ жазып келе жатыр. Алайда оған құлақ түріп, жауап берген құзырлы орган өкілдерінің үнін естіген ешкім жоқ. Осында ұлы Абайдың «Сегізаяқ» деген өлеңіндегі «Баяғы жартас — бір жартас, Қаңқ етер, түкті байкамас» дегені еріксіз еске түседі. Кейбір мамандардың айтуынша, Қазақстан қоршаған ортаны қорғау бойынша кейбір заңнаманы қабылдау жағынан да көршілес елдерден кейін келе жатыр. Мәселен, елімізде әлі күнге дейін «Өсімдік жамылғысын сақтау» заңы жоқ. Сондықтан, әлемде сирек кездесетін немесе оның отаны саналатын көптеген өсімдіктер шикізат ретінде ғана емес, оны өсіріп, көбейтіп, зерттеу үшін аса құнды гендік материал тұрғысынан да жеткілікті деңгейде қорғауға алынбаған көрінеді. Мәселен, қызғалдақ пен алманың отаны саналатын Қазақстан қызғалдақты Нидерланд, алманы Польшадан әкеледі. Өркениетті



өзге елдер әлемде теңдесі жоқ осындай бірегей дүниелері болса, оны өз мемлекетіне алып барып, көбейтіп, оны өзгелерге сатып, табыс тапқандардан белгілі бір мөлшерде алым алады. Біз неге олардан үлгі алмаймыз? Оны жүзеге асыруға кім кедергі болып отыр? Ешкім. Оған бүгінгі жұмысты ертенге қалдырып, әрдайым ілгері жылжуға тежегесі кейін тартып отырған өзіміз кінәліміз.

Осы арада мына бір жәйт еріксіз еске түседі. 2002 жылы Президент Нұрсұлтан Назарбаев Нидерланд корольдігіне ресми сапармен барған кезде патшайым Беатрикс Вильгельмина Армгардтың: «Ұлы Жібек жолы ғасырлар бойы Еуропаны Азиямен, сондай-ақ Қазақстанды Нидерландымен байланыстырып тұрды. Осы байланыстар біздің елімізге қызғалдақ гүлін әкелді. Бұл гүл осылайша Нидерландыға кең таралды. Гүл саудасында да ол ең өтімді өнімге айналды. Қазіргі кезде қызғалдақ гүлі нидерландықтардың нөмірі бірінші экспорттық тауары. Сол үшін де Сіздің елге қарыздармыз» деген көрінеді. БҰҰ-ның құрылымдық жүйесінде жұмыс жасайтын сарапшылардың бірі — біздің қызғалдақ пен алманың генетикалық қорын пайдаланудан жоғалтып отырған қаржымыздың жылдық көлемі ең кемінде бірнеше миллиард долларды құрайтынын айтты. Оның пайымдауынша, егер Қазақстан әлемде мойындалған заңнамалық құжатты қабылдап, бекітетін болса оны жүздеген миллиард долларға дейін ұлғайтуға мүмкіндігі бар. Қолдағы алтынның қадірін білмей, өзгелерге алақан жайып, қарыз сурап жүрген біздің үкімет үшін бұл ой салып жатса, қанекей.

Ерлік
ЕРЖАНҰЛЫ



Құлбырау

Қазақстан «Шейх Халил» лақап атымен танымал Әбдухалил Әбдужаппаровты елге қайтармақшы. «Ферғана. ру» агенттігі осындай ақпарат таратты. Артынша еліміздің Бас прокуратурасы осы мәселеге қатысты жауап беріп, әзірге ешқандай келісімнің жүргізіліп жатпағанын хабарлады. Батыс Қазақстан облысындағы тілшіміз «Шейх Халил» туралы газетімізге талай жазған еді. Төменде оралдық журналист Ұлдай Сариеваның «Халилге» алданған жастар туралы кезекті мақаласын ұсынып отырмыз.

АШЫНҒАН АНА, СИРИЯҒА КЕТКЕН БАЛА

Соңғы жылдары исламды бұрмалаудың кесірінен талай қазақ жастары жат ағымның жетегіне түсуде. Олар вахабистік идеяны қолдап, намаз оқымағаны үшін ата-ана, туыстарын «кәпір», олардың пісірген тамағын

Терроризм бабы бойынша сотталған ағайынды Қаратағановтардың анасы Мәңдіғаным Каюпованың да жағдайы мәз емес. Ол екі ұлының

АҢЫЗ бен АҚИҚАТ

«харам» деп, қағынан жиреніп, безуде. Мұның ақыры террористік ұйым «Ислам мемлекеті» деген жалған атпен танылған теріс ұйым құрамына қосылу үшін Сирияға кетумен аяқталуда. Көбі сол жақта өлім құшуда. Не үшін? Кім үшін? Бұл сұраққа жауап іздеген олардың ата-аналары құзырлы органдарды аралап, шарқ ұруда. Олардың ұл-қыздарын кімдер теріс жолға салып жатыр? Аялап өсірген, бақытына балаған перзенттері оларға неге қайғы әкелді? Бұл сұрақтарға кім жауап береді? Ұлдары Сирияға кетіп, соғыста өлген, немерелері жат елде қалған ата-аналардың кәсіретіне, көз жасына кім жауапты? Салмағы мың атан түйеге жүк болатын бұл күнәлар кімнің мойнында?

Қазақ «Шыдамның да шегі бар» дейді. Сол шыдам таусылды. Таусылмай қайтсін, түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүт беріп өсірген перзентін біреу азғырып, отбасынан, ата-ана құшағынан тартып алып жатса?! Сирияға кеткен қазақ жастарының ата-аналары ашынып, жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздеуге шықты. Олар облыс мешіттеріне келіп, исламды бұрмалап теріс бағытта жүргендердің жауап беруін талап етіп, адалып жүргендерді дұрыс жолға шақыруда. Солардың бірі — Айнаш Төлеева жақында облыстық мешітке келіп, жамағаттың алдында сөз сөйледі.

— Жалғыз ұлым еді, — делі ана көз жасы төгіліп. «Намаз оқимын» деген соң «жаман нәрседен аулақ болады ғой» деп ойладым. Бірақ керісінше болды. Ұлым үмітімді ақтамады. Имамдардан үйренбей, теріс жолда жүргендердің ықпалына түсіп кетті. Бір түнде балам маған айтапастан, Сирияға кетіп қалды. Төрт ай бойы іздедік, күттім, төрт айды ұйқысыз өткізім, жүрегім жаралы, ауырады... Сосын... ол Сирияда өліпті. Ол жақта келінім мен екі немерем қалды... Ұлым не үшін өлді, кім үшін өлді? Неге?

АҒАЙЫНДЫ ҚАРАТАҒАНОВТАР



(Басы 1-бетте)

Көкейкесті

Елдің бюджетіне шығын әкелетін бұл ауыртпалықты жеңілдету үшін 2010 жылы Киров су қоймасынан шығып, батыс жақты бүйірлей өңтүстік бағытқа ағатын Киров — Шежін магистралін қалпына келтіру, 180 шақырымға созылатын арнаны Қазталов ауданындағы Ақпәтер ауылдық округіне дейін апарып, Қараөзенге қосу үшін арнайы жоба қолға алынды. Сонда Қараөзен суы үшін жылма-жыл Ресейге бөлінетін қаражаттың 50 пайызын үнемдеуге болады екен. Бірақ «Кісідегінің кілті аспанда» деген, Ресей Орынбор облысы арқылы тегін келетін Жайық өзенінің суына ақша талап етпесіне кім кепіл? «Қазсушар» РМК БКО филиалының директоры Нұрболат Жұмағалиев, «Облыстың

Ақжайық ауданы Алғабас ауылдық округінде орналасқан су қоймасының сыйымдылығы — 63 млн метр³, ұзындығы — 1750 метр. Су қоймасынан Киров — Шежін, Первомай, Бударин құретамыр арналарға су жіберіледі. «Қазір біздің есебіміз бойынша Жайық өзенінің ағысы секундына 900 текше метр. Киров қоймасынан секундына 80 текше метр су босатылуда. Былтыр су қоймалары 30 пайызға дейін толып еді, биыл 80 пайызға көбейді. Себебі Ақтөбе облысындағы 15 жылдан бері арнасы толмаған Елек өзенінен Жайыққа бір ай бойы су жіберілді. Жайыққа құйылатын өзендерден Сакмар енді тасып жатыр. Ресей аумағындағы сыйымдылығы 160 миллион текше метр Ириклинск су қоймасы жақында толады. Алдағы уақытта арнайы комиссия құрып, ресейлік тараппен Орынбор қаласында келісім жүргізіледі. Әзірше, бұл су қоймасынан секундына 90 текше метр су босатуды сурап отырмыз. Жайық суының деңгейі былтыр 3 метр 69 см болса, биыл 5 метр 13 см», — дейді.

2011 жылы осы жоба аясында тендер арқылы бюджеттен бөлінген 949 млн теңгеден астам қаражатты иеленген Өскемен қаласындағы «Подводстрой» ЖШС-ның кейін су арнасы құрылысын жүргізу үшін қосымша

әйелдері мен 8 баласының, өзінің де қатты қиналғандарын көзіне жас ала отырып, әңгімеледі. Атышулы Ернұр Ахатовтың ісі бойынша, яғни 2012 жылы Орал қаласында жарылыс жасауды жоспарлап, іске асырғалы жатқанда қолға түскен Ахатовтың тобында болған Қаратағановтар 6 жылға сотталып, Ақмола облысының Державин қаласындағы түрмеге жіберілген еді. Жігіттердің анасы М.Каюпова етегі жасқа тола жүріп. Оралдағы құқық қорғау органдарын жағалап, ұлдарын Оралдың түрмесін ауыстыруын сұраған еді. Қаратағановтар 2015 жылдың 13 желтоқсанында Орал қаласындағы РҮ-170/2 еңбекпен түзету мекемесіне ауыстырылды.

«Біз адаласқанымызды түсіндік. Түрмеден шыққан соң анамызды аялап, отбасымызды асырап, балаларымызды дұрыс жолға тәрбиелейміз» — дейді олар Алтынбек 1981 жылы, Асылбек 1983 жылы Жанақала ауданында дүниеге келген. Әкелері ерте қайтыс болып, анасы Мәңдіғаным тәрбиелеп өсірген. 1987 жылы Зеленов ауданының Балаған (*Жаңа таң*) ауылына көшіп келген. Олардың айтуынша, топта әркімнің өз міндеті, атқарар жұмысы болған.

Асылбек бір қалаға тұрақтамай, Алматы, Бішкек асып жүрген Е.Ахатовқа қалаға келген кезде жасырын пәтер дайындаумен және ақша жинаумен айналысқан. Олар жарылыс заттарының қалай жасалғанын, қандай екенін, блиндаждың қай жерден, қалай қазылғанын көрмеген. Алтынбек Ернұрмен 3 рет қана кездесіпті. Соңғы кездесуде Ернұр 2011 жылы Ақтөбе, Атырау қаласында болған терактілер туралы әңгімелеген. «Мечта» демалыс орнына таяу, Жайықтың жағасында түнгі алаудың жарығымен бейне— ролик түсіріп, ұстазы «Халилге» жіберген. Оралда теракт жасау туралы рұқсат сұраған.

«ХАЛИЛ» ДЕГЕН КІМ?

Елімізде «Халил» деген лақап есіммен белгілі Әбдухалил Әбдужаппаров Пәкістаннан келіп, еліміздің батыс өңірінде болғаны белгілі. Ол 2007 жылы Арабияға кетіп, қайта оралмаған. 1975 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданында туған. Ұлты өзбек. Қазақстан азаматы. 1990 жылдары Пәкістанда, Шымкент қазақ-кувейт университетінде білім алған. Шымкентте мешіт имамы болған, 2000 жылдың басында исламның радикалды бағыты — вахабистік жолға түседі.

Ресейден суды да сатып аламыз



423 миллион теңгеге жалған есеп жасағаны анықталды. Тасқала ауданы сотының үкімімен серіктестік директоры Д.Якунин сотталды. 2012 жылы 172 млн 53 мың теңгеге «Қазсушар» РМК БКО филиалы мен «Оралводстрой» АҚ жөндеу жүргізді. Былтырдан бастап бұл іске «АзияТехСтрой» құрылыс компаниясы тартылған. Бүгінге дейін Киров — Шежін су арнасының 46 шақырымы кеңейтіліп, тереңдетілді. Биыл «Қазсушар» РМК БКО филиалы осы жобаның 1-кезеңін толық аяқтауға, яғни 55-шақырымға дейін жөндеуге 93 млн теңге қаражат бөледі.

«Киров — Шежін су арнасын тазарту жұмысының екінші кезеңін жүргізуге 854 миллион теңгеден астам қаражат керек», — дейді Нұрболат Жұмағалиев. — Егер бұл қаржы биыл бөлінбесе, су арнасы құрылысының жобалық-сметалық құжатын қайта жасақтау үшін қосымша шығындануға тура келеді. Екінші кезеңдегі жұмыс магистралының 74 шақырымын қамтиды. Яғни Қазталов ауданының Талдықұдық ауылындағы су қоймасына дейінгі арна ашылады. Малы мен жаны сусап отырған «Талдықұдық аудан орталығынан 127 шақырым қашықтықта орналасқан. Ауылдық округ орталығынан 60 шақырым жерде Қайрош елді мекені бар. Жер сортаң.

көрсетіп, азғырады. Мешіттің заңсыздығы прокуратурамен әшкереленіп, Ә.Әбдужаппаров Атырау қаласынан кетуге мәжбүр болады.

«ХАЛИЛДІН» ОРАЛҒА КЕЛУІ

2004 жылы «Халил» Орал қаласына келіп, жалдамалы пәтерде тұрып, облыс жастарын вахабистік бағытқа салумен айналысады. Еліміздің Батыс өңірінде вахабизмнің дамуына зор ықпал еткен. Яғни жоғарыдағы аналарымыздың көз жасының сұрауы да осы «Халилдің» мойнында деген сөз. 2006 жылы үстінен қылмыстық іс қозғалған «Халил» Сауд Арабиясына қашып кетеді. Бұдан әрі ол дәріс жазып, оны ғаламтор арқылы таратады және еліміздің түпкір-түпкіріндегі салафилермен телефон арқылы хабарласып, бағыт беріп отырады. Соның кесірінен облыс жастары Мысырға аттанып, жасырын маркаждарда (*жалған діни оқу орындарында*) оқып, көбі халықаралық террористік ұйымдарға мүше болып кетті. Соның бірі — оралдық Нұржан Ерғарин 2013 жылы Пәкістандағы әскери базаға жарылыс заты орнатылған көлікпен барып соғылып, өзін-өзі жарды. Ал «Халилдің» шәкірттері Е.Ахатовтың Орал қаласында бірнеше жерде жарылыс жасауды ұйымдастырғаны белгілі.

«ХАЛИЛ» МӘДИНАДА ҰСТАЛДЫ



Әбдухалил Әбдужаппаров

2015 жылы желтоқсан айында «Халил» Сауд Арабиясында қолға түсті. Қасында оралдық Мақсат Мұратқалиев және еліміздің өзге де азаматтары болған. Бұл туралы шетелдік ақпарат көздері шулап жазды. Сауд Арабиясының билігі көші-кон заңына сәйкес әрі жалған жихадтық көзқарасқа қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында елдегі шетелдіктерді тексеруге алады. Ұсталғандар Сириядағы солдарлармен тығыз байланыста болғандығы анықталған. Сөйтіп, еліміздің батыс өңірінде «вахабизмді» дамытқан, жалпы Қазақстан бойынша исламның теріс ағымын насихаттап, талай қазақ шаңырағын ортасына түсірген, талай надан, діни білімсіз, албырт жастардың Сирияда өлім құшуына себепкер болған күнәһар, өккі қылмыскер сыбайластарымен бірге темір торға қамалды.

Мамандар зерттеу жүргізгенімен, жер астынан тұшы су қорын таба алмады. Ауылдағы тоғанның қазылғанына 49 жыл болды. Түбі тайыз. Бір-ақ метр. Көктемде және күзде толтырып алып, су сорғысымен ауылдағы су мұнарасына жіберіледі. Кейде қыста қатып қалады.

Талдықұдық су қоймасына қазір секундына 2 текше метрден су жіберіледі. Егер Киров — Шежін су арнасы толық тазартылса, су қоймасына секундына 8 текше метр су жіберуге болады. Талдықұдықтан ары қарай жобаның үшінші кезеңі іске аспак. Онда Киров — Шежін магистралінің 30,6 шақырымы тазартылса, Қараөзенге қосу үшін 18,8 шақырым жаңа арна қазылады. Бұл үшін қыруар қаражат керек. Жобаның екінші кезеңіне қаржы табылмай отырғанда үшінші кезең туралы айту әлі ертерек сияқты. Жақында ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Ерболат Мұқаев пен Рашид Ахметов облыс әкімі Алтай Колгіновпен бірге Ақжайық және Қазталов аудандарында болып, су мәселесінің мән-жайына қанықты. Бірақ олардан елге қайыр бола ма, жоқ па, белгісіз...

Ұлдай САРИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы



«ЖАС ҚАЗАҚ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



(Басы 1-бетте)

Бұл Алматы қалалық мемлекеттік кіріс департаментінің мәліметі. Газетіміздің өткен санында салықтан жалтарған кейбір әншілердің тізімін жарияладық. «Жас қазақ» конференциясында осының себебін анықтауға тырыстық. Жиынға Алматы қалалық мемлекеттік кіріс департаментінің бөлім басшысы Еділ Әзімшайық, әншілер Құдайберген Бекіш, Алтынбек Тәшімбетов пен Ерлан Төлеутай және экономист Мақсат Халықов қатысты.

Жас қазақ: Еділ алғашқы сұрақты сізге қойсақ. Өткен аптада салық төлемейтін әншілердің тізімін жарияладыңыздар. Бірақ кейіннен сол жұлдыздар бәрін жокқа шығарды. Тіпті тойға тегін баратындарын айтып ақталды. Бүгінгі жиынға шақырып едік, Алматыда болмай шықты. Осы уақытқа дейін заң бәріне ортақ болса, неге әншілер салық төлемеген?

Еділ Әзімшайық: Жалпы, бұл туралы айтысып-тартысатын түгі де жоқ. Ол заң бойынша бекітілген. Әншілер ғана емес еліміздің кез келген азаматы тапқан табысына 10 пайыз салық төлеуі қажет. Жалпы, өз еңбегімен табыс тауып жүрген азаматтардың мынадай артықшылығы бар. Мысалы, табысы 6 млн 400 мың теңгеден аспайтын болса, патент алуына болады. Одан асып кетіп жатса, оңайлатылған декларация бар. Бірақ жылдық табысы 29 млн 900 мың теңгеден аспауы қажет. Ал одан асып кетіп жатса, онда жалпылама режимде. Оның өзінде бар шығынды алып тастап, таза табысынан салық төлеуіне болады. Әншілердің басым бөлігі тіркелмеген. Ал тіркел десен, ат тонын ала қашады. Патентті пайдаланатын болса, екі пайыз оңайлатылған декларация бойынша 3 пайыз төлейді. Ал мынау жалпылама режимде жеке кәсіпкер таза табысынан 10 пайыз төлейді. Әншілерге бар шығынында алып таста, таза табысынан төле деп отырсақ та, жөнге келер емес. Төлейтіні санаулы ғана.

Жас қазақ: Сонда білетіндеріңізден, білмейтіндеріңіз көп болып тұр ғой...

Еділ Әзімшайық: Иә, дәл солай. Себебі олар тіркелмеген. Шудың шығуы содан. Салық төлемек тұрмақ, ешқайсысы тіркелуді жөн санамаған. Мысалы, Нұрлан Қоянбаевты алып қарайық. Ол 2012 жылы жақсы табыс тапты. Сол жылдың қорытыңдасы бойынша 6,5 миллион теңге салық

Заң ортақ

бірақ әнші салық төлемей жүр



сәуірге дейін салық төлеуге уақыты бар. Сол уақыт өткеннен кейін қайсысы қанша төлегенін салыстыра бастадық. Қарап отырсақ, ешқайсысы көк тиын төлемеген. Олардың табыс табатынын қарапайым халық та біледі. Бүркіт тура сол 180 миллион теңгеден салық төлемесе де, 18 миллионнан төлесін. Енді келіп, менің ИП (*жеке кәсіпкер – ред.*) бар, ЖШС бар деп баспасөзге өтірік айтудың қажеті жоқ. Біз қазір жағадан алып «төле» деп отырған жоқпыз. Керісінше, уақыт бердік. Ешқайсысының салық төлемегені айдан анық. Төлемейтін болса, тексеруді бастаймыз. Осыған дейін салық төлемегені үшін әншілердің біреуін тексерген еместіңіз. Шындығына келгенде, бұлардың кез келгеніне қылмыстық іс қозғауға болады.

Ерлан Төлеутай: Негізі, бұларды баяғы да соттау керек еді. Мынау әншісімақтар фонограммамен айтып, 180 миллион теңге табады екен. Бүркіт, Ділнәз дегендер өнші ме өзі? Не әнінде, не сөзінде мағынасы

жоқ. Әншілерге сонша ақша беретін адамдарға танқалам. Біздің қоғамның жеткен жері осы. Бұларды салықтан бұрын, фонограммамен ән айтқаны үшін қамау керек. Бетімен кеткен бәрі. Мысалы, Германияда фонограммамен айтқаны үшін абақтыға жабады, сол сияқты бізде де оларды абақтыға жабу керек. Біз олардың бәрін басымызға шығарып алып, қазақ қоғамын бұзып жатырмыз. Бір дұрыс ән жоқ.

Құдайберген Бекіш: Сонда сенің әнің бар ма?

Ерлан Төлеутай: Менің әнім бар. Сен оны тындап көрдің бе?

Құдайберген Бекіш: Бұл сіздің ішкі амбицияңыз, «Шаш ал десе, бас алып» отырсыз. Мұнда әңгіме салық туралы. Сіз үнемі жүрген жеріңізді осылай шулатып жүресіз.

Ерлан Төлеутай: Әншілердің бәрі қылмыскер. Менің айтып отырған әңгімем де осы салыққа қатысты емес пе?

Жас қазақ: Сабыр сақтайық! Ерлан Төлеутайұлы, «бұл жерде тек эстрада емес дәстүрлі әншілерде салық төлеу керек», – деген мәселе көтеріліп отыр.

Ерлан Төлеутай: Дәстүрлі әншіде ешқандай табыс жоқ. Олар қайдан төлесін. Мысалы, атакты Еркін Шүкімәнді «қазіргі нөмірі бірінші» деп айтсақ жарасалды. Домбыраға адал болып, дәстүрлі ән айтып, тек қана ресми концерттерде жүрген адам. Сол айтады «мен ақша таппағалы қай заман», – деп. «Тойға бармағалы жарты жыл болды», – дейді. Енді мынау өнерлісімақтар

тойдың бәрін жаулап алған. Бүкіл мерекелі шаралар эстрада әншілерінің қатысуымен өтеді. Дәстүрлі әншілердің жолын жауып тастады. Бұрынғы кезде Лия Жаканов, Қайрат Байбосыновтың кезінде ондай болмаған. Жалпы, мен эстрада дегенге қарсы емеспін. Эстрада деген – музыка әлеміндегі ең жауынгер жанр. Қазаққа, ағылшынға барша әлемге тез тарайтын жанр. Бірақ Жанар Дұғалова деген әншінің әні ән бе? Жүрегім «діріл, діріл» дейді. Мен мұндайды түсінбейді екенмін. Өзі де дірілдейді, әні де дірілдейді.

Құдайберген Бекіш: Дәстүрлі әншілер тойға бармайды емес, барады. Айгүл Үлкенбаева, Сәуле Жанпейісованы жиі көріп тұрамын. Жапонияда дәстүрлі әншілер зор

біздің бейнебаян түсіру бар, басқа да шығындар бар, сол жағы ескерілмейді.

Құдайберген Бекіш: Мысалы, әншілерді қолдау үшін ашылған «Гәкку» арнасын айтайын. Бейнебаянымызды тегін көрсетелі дегенде бәркімізді аспанға лақтырып қуанған едік. Қазір олардың нұсқауы бойынша бейнебаянды тек солардың студиясында түсіруін керек. Оған жұмсалатын қаржы 6-16 мың доллар көлемінде. Бүгінгі форматқа сәйкес келуіңіз керек дейді. Сонда ол қандай формат?

Еділ Әзімшайық: Мемлекет көмектескені үшін салық сұрамайды. Ата занымыздың 35-бабын оқуға кеңес беремін. Табыс тауып жатырсыздар ма, салық төлеу керек. Бір жылдық есеп бойынша табысың 284 мың теңге болса, салықтан босатыласың. Ал егер бұл сомадан асып тұрса, онда міндетті түрде салық төлеуін керек. Жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, соның

демеушілік сынды шараларға, 4% жеңілдік беріледі.

Мақсат Халықов: Экономикалық жағынан қараған кезде салық төлемей дегеніміз – көлеңкелі экономика. Егер де кімде-кім табысын жасырмай, сәйкесінше, салықты уақтылы төлеп отырса, ол бәріне игі болады. Мысалы, тойды алатын болсақ, салықты тойды жасаған адам ғана төлейді. Ал ондағы әнші, тамада, видеоға түсіруші, фотоға түсіруші дегендер салық төлемейді. Байқасаңыздар, қаншама қаржы көрінбей кетіп тұр. Сондықтан осының бары көлеңкелі ақша болып саналады. Егер ақша аудару жағы қарточкалы жүйемен жүзеге асатын болса, аударымдар т.б. салық жүйесіндегілерге көрініп тұралай. Салық комитетіне деген ұсынысым бар, ұлттық өнерді насихаттайтын өнерпаздарды салықтан босатса деген.

Алтынбек Тәшімбетов: Көршілес Өзбекстанды алсақ, әншілерге бейнебаянды тегін түсіріп, радиодан тегін таратылады. Сонымен қатар ұнтаспасын шығаруға көмектеседі. Мемлекет тарапынан қолдау бар. Олар есесіне, ойланбай салық төлейді. Ал бізде керісінше, барлық шығынға өз қаржыңды жұмсайсың. Сондықтан кейде табыс табудың орнына, «минуска» кетіп жатамыз.

Еділ Әзімшайық: Мен әншілердің «минуска» кетіп бара жатырмын дегеніне сенбеймін. Таза табысы аз болуы мүмкін. Әйтсе де «минуска» кетуі екіталай.

Жас қазақ: Испанияның атакты опера әншісі Монсеррат Кабальенің, атакты футболшы Мессидің, Голливуд актері Роберт де Нироның салық төлемегені үшін жауапқа тартылғанын естідік. Ал бізде тек ескертумен шектеліп отырсыздар. Бұған не себеп?

Еділ Әзімшайық: Алдын ала ескертіледі. Сонымен қатар хронометражды тексеру деген болады. Кешенді тексерілу жүргізіледі. Мысалы, бір ай жанында жүріп тексеріледі. Бір күндік табысы да тексеріледі.

Ерлан Төлеутай: Мысалы, Құдайберген әнші бір тойда ән салып жатыр, салық комитетінен агент барса, оған әнші табыс таппадым, бұл туысымның тойы десе. Ол жағы қалай болады?

Еділ Әзімшайық: Егер де әншілер сондай жағдайда табысын жасыратын болса, онда оған 1,5 есе айыппұл төлейді. Қанша уақыт

**Еділ ӘЗІМШАЙЫҚ:**

«Өншінің табыс табатынын қарапайым халық та біледі. Бүркіт тура сол 180 миллион теңгеден салық төлемесе де, 18 миллионнан төлесін. Енді келіп, менің ИП (жеке кәсіпкер – ред.) бар, ЖШС бар деп баспасөзге өтірік айтудың қажеті жоқ. Біз қазір жағадан алып «төле» деп отырған жоқпыз. Керісінше, уақыт бердік. Ешқайсысының салық төлемегені айдан анық. Төлемейтін болса, тексеруді бастаймыз»

төледі. Яғни таза табысы 65 миллион болған. Бұл жердегі мәселе кім көп, кім аз тауып жатыр деген емес. Мысалы, қазір алып қарасаң, одан да көп табатындар бар. Бірақ салық төлемейді

Жас қазақ: Әншілер тіркелмеген болса, алдағы уақытта табыс көлемін қалай анықтайсыздар? Олардың негізгі табыс көзі той екені ешкімге жасырын емес. Ал тойда ақшаны қолма-қол алады.

Еділ Әзімшайық: 2015 жылды алып қарасақ, әншілердің арасында 500 мың теңгеден артық салық төлеген бірде-біреуі жоқ. Өткен жолы Бүркіттің табысы 180 млн теңге, Асхат Тарғындікі 172 млн теңге. Осылай жалғасып кете берді. Тойға шақырсаң, 700 мың теңгеден төмен келмейтіндері бар. Оның барлығын біз білеміз. Қайсысының ставкасы қанша екенін. Өткен жолғы әншілердің табысын «Форбс» журналы анықтаған болатын. Содан кейін біз қайсысы қанша салық төлейтінін анықтап көрдік. Жалпы, декларация тапсыруға 31 наурызға дейін уақыт беріледі. Содан кейін 10

құрметке ие. Оларды халықтың «Алтын қоры» деп санайды. Қаржылай көмек беріледі. Ал өзіме келетін болсам, жылда концерт беремін. Бірақ табыс таппақ түгілі, әлі күнге қарызбын. Себебі «жарық жағын қамтамасыз етіп беремін», – дегендер уәдесінде тұрмады. Мен тойға



Құдайберген БЕКІШ

барамын. Қосымша табыс көзім сол. Негізі, салық төлеуден қашпаймын. Ай сайын 10 теңге төлегеннен өнші кедейленіп қалмайды. Менде ИП бар. 2006 жылы маған қолдау ретінде Алик Айдарбаев қаржы аударған болатын. Оны қолма-қол алған жоқпын. «ИП аш, сенен 10 пайыз ұстап қалады», – деді. Осылайша, салық төлеп жүрдім. Соның аралығында қарызға белшесінен баттым. Бір туысыма қаржы керек болып, банктен ақша алып бердім. Кейін одан құтылу үшін үйімді саттым. Осы жағдайдан кейін өнерге қайта келіп отырмын. Мен бүгінде табыс табамын. Бірақ ол ән жазудан, бейнебаян түсіруден артылмайды. Ол үшін біз мемлекеттен көмек сұрап отырған жоқпыз.

Алтынбек Тәшімбетов: Осы жерде Құдайберген ағаны мен де қолдаймын. Мемлекет тарапынан өнерпаздарға ешқандай пайда жоқ. Ал

Ерлан ТӨЛЕУТАЙ:
– **Салықты продюсерге салу керек. Менің бір көршім бар. Жас әдемі қыз. Күнде үлде мен бүлдеге оранып кетеді. Кешке бетіндегі бояуы ағып, шаршап келеді. Анасымен пәтер жалдап тұрады. Сұрасыра келе, олардың жағдайы мәз емес екенін білдім. Неге олай десем, ол қыздың продюсері өлі көк тиын төлемейді екен. Оның аты шығару үшін өлі күнге шығынды алып жатса керек. Қашанға атын шығаруға болады. 3,5 жыл болды. Солай жүре берсе, оған сұраныс та болмай қалады. Ақша тапқанша қартайып кетпей ме?**

аясында қажетті шығындарды алып тастап, салық төлеуге болады. Салық заңдылығындағы ең бірінші принцип – әділеттілік. Ол ешкімді бөлмейді, бәріне ортақ. Көп табыс таптың ба, аз таптың ба, соған сәйкес салық төлеуің керек.

Ерлан Төлеутай: Бүгінгі жиынға табысы аз әншілер келіппіз. Ертенгі күні салық төлеу туралы заң күшіне енгенде, таяқтың ұшы бірінші Құдайберген, Алтынбектерге тигелі тұр. Биыл фонограммамен ән салатын әнші Қайрат Нұртас өзінің концертін өткізіп, табысын жариялады. Сонда оның табысы жылына 2 млн доллар делінді. Сол сияқты Баян Есентаваның табысы миллионнан асады. Төреғали

Ерлан Төлеутай: «Біз олардың бәрін басымызға шығарып алып, қазақ қоғамын бұзып жатырмыз. Бір дұрыс ән жоқ»

Құдайберген Бекіш: «Сонда сенің өңің бар ма?»

Ерлан Төлеутай: «Менің әнім бар. Сен оны тындап көрдің бе?»

Құдайберген Бекіш: «Бұл сіздің ішкі амбицияңыз, «Шаш ал десе, бас алып» отырсыз. Мұнда әңгіме салық туралы. Сіз үнемі жүрген жеріңізді осылай шулатып жүресіз»

Төрәлі. Оның да табысы аз емес. Бұлардың бәрі (өткінші) құбылыс. Бірақ оның ешқайсысы қазақ рухани байлығына үлес қосып жатқан жоқ. Әні тыңдауға қонымсыз, не жүрегің шаттанбайды. Өмірінде сахна көрмеген, мектеп көрмегендер өнші болуда. Мені мына мәселе алаңдатады. Ертен сол ақша көп табатын әншілер

салықтан құтылып кетпей ме? Себебі салық жүйесіндегі паракорлықта шек жоқ. Ертен сіздің қалтаңызға пара салады да, салықтан жалтарып жүре береді.

Еділ Әзімшайық: Жеке табыс салығы деген бұрыннан Ата занымызда бар нәрсе. 2009 жылы жаңа «Салық кодексі» енгізілді. Механизмдеріне келетін болсақ, кез келген адамның тапқан табысын түгелдей болмаса, шыққан шығындары арқылы есептеуге болады. Мысалға, сіз үй немесе көлік сатып алдыңыз делік. Кез келген ақша өзінің ізін қалдырады. Құжат тіркеледі, сол бойынша анықтауға болады. Кез келген адам ол салық төлейді. Егер жеке кәсіпкерлік болып, шығыныңыз асып кетіп жатса, ол жағы да ескеріледі. Қайырымдылық,

төлемей келе жатқандарға, қаржысын заңдастыру керек. Әншілер бұл туралы білмейді.

Ерлан Төлеутай: Ертенгі күні Қайрат Нұртас сынды мега жұлдыздардың салық төлегені туралы біз біле аламыз ба?

Еділ Әзімшайық: Заң бәріне ортақ.

Ерлан Төлеутай: Халық болған жерде, салық болуы керек. Алайда осы салық төлеу жағы әділетті өте ме? Сол жағы толғандырады. Ертен сол мега жұлдыздар бетімен тайрандап, ал біздер дәстүрлі әншілер құрбандыққа шалынып кетпесек болғаны. Мысалы, «Муззон», «Гәкку», «ХИТ ТВ» осы арналарға неге салық төлетпейсіздер. Салықты продюсерге салу керек. Сонымен қатар мына телеарналарды да тазарту керек. Дәстүрлі өнерпаздардың жағдайы нашар. Сондықтан дәстүрлі әншілерге тиеніздер. Тарихта қазақ қоғамы сал серілерін алақанында аялаған еді.

Құдайберген Бекіш: Мысалы, мен айтар едім, біз ақынға, композиторға төлеп жатамыз. Ал телеарнаға келсек, біз өз әнімізді насихаттау үшін арнаға ақша төлеуіміз керек. Заң бәріне бірдей. Егер мен пайда тауып жатсам, салық төлеуден бас тартпаймын. Ең бастысы, әншілерді ғана қыспақтай бермей, салық төлеу мәселесін осы телеарналардан бастасaq.

Еділ Әзімшайық: Бұл жерде салық төлеу керек пе, төлеу керек емес пе деген мәселе емес. Салық төлеуі керек. Өз тарапыңыздан ұсыныстар берулеріңізге болады. Әншілерге салық мәселесіне келгенде, шығын көп деген себеп айтылады. Алайда осы шығындарды алып тастап, таза табыстан салық төлеу керек.

Конференцияны жүргізген
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Сарап

Қырғызстанда соңғы жылдары оппозиция өкілдері жиі қамалуда. Мұны президент Алмазбек Атамбаев: «билікке жау келгенде халқыма «сыбайлас жемқорлықпен білек сыбана күресемін» деп уәде қылған едім. Осыны орындап жатырмын», – деп түсіндірсе, оппозиция

форумында кімдер болмалы? Ақаевшылар мен бакиевшілер, сондай шетелдік грантты игеріп жатқан үкіметтік емес ұйым өкілдері Төлеуқан Исмаилова мен Әзиза Әбдірасұлова да бар.

Егер «Елдік парламенттің» «демократтарына» жана президентті

байкалуда. Мәселен, «Жана буын» оппозициялық қозғалысының жетекшісі Әділ Тұрдықұлов жергілікті акпарат құралының біріне: «Қырғызстан мен Ресей басшылары қарым-қатынасының әлсіреуі

COMMENT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ЖҚ 5

Апта оқиғасы

Соңғы екі жыл ішінде парламент депутаты болып, «Украина Батыры» атағын алып үлгерген ұшқыш Надежда Савченко туған еліне оралды. Ресей таратқан мәліметке жүгінсек, екі жылын түрмеде өткізген Савченкоға президент Путин кешірім жариялапты. Ал Украина Савченконы Ресей билігі Евгений Ерофеев пен Александр Александровқа айырбастағанын мәлімдеді.

Еске ала кетейік, Надежда Савченко «Айдар» еріктілер батальонының құрамында болған. Украинаның Счастье кенті аумағында осыдан екі жыл бұрын тұтқынға түседі. Бір кызығы, оған қатысты сот аяқ астынан саяси бағыт алып кетті. Тағы бір атап айтарлығы – Ресей түрмесінде жазасын өтеп жатса да, жергілікті

– деген айып тағылды. Алайда ол сот барысында өзінің кінәсіз екенін дәлелдейтін бірқатар мәлімет келтірді. Оның айтуынша, ол тұтқынға Украина аумағында алынған. Бірақ оны Ресей аумағына әкелген. Украиналық ұшқышты Ресейдің атакты адвокаттары Марк Фейгин, Николай Полозов және Илья Новиков қорғады.



Савченко еліне оралды

билікті ашық сынаудан бас тартпаған оны Украина халқы тәуелсіздіктің символы ретінде тани бастады.

Тұтқынға алынғаннан соң бірнеше айдан кейін «Батькивщина» партиясының көшбасшысы Юлия Тимошенко «Парламент сайлауында партиялық тізімінің басында Надежда Савченко есімі тұрады», – деп жариялады. Әлемнің көптеген лидерлері, соның ішінде Германия канцлері Ангела Меркель де оның босатылуын талап етті. Тіпті «Надеждының жағдайы нашар, өліп барады, өліп қалды», – деген акпарат тарайды. Алайда украинның ұшқыш қызы күресін тоқтатпай, барша әлемге өзінің қайсарлығын мойындатты. Биыл 22 наурызда Донецк (Ресейдегі қала) соты Надежда Савченконы 22 жылға бас бостандығынан айырып, 30 мың рубль шамасында айыппұл салды. Оған «Ресей журналистерін өлтірді, шекараны заңсыз кесіп өтті»,

Ресей түрмесінен босап шыққан Савченконы Киевтегі Борисполь әуежайында ресми тұлғалармен бірге туысқандары, анасы мен әкесі және Юлия Тимошенко күтіп алды. Журналистердің көп болғаны сонша, ине шаншыр орын болмады. Надежда Савченко күтіп алушылардың алдына Украина туы бейнеленген жейдемен, жалаң аяқ шықты. Ол «Мен үшін айналдаған, маған тек қана жақсылық тілеген таныс-бейтаныстарымның барлығына айтар алғысым шексіз, – деді. Сонымен қатар балалары елге аман қайтпаған ата-аналардан кешірім сұрады. Ал анасы Мария Ивановнаның айтуынша, қызы украинна жеріне аяғы тигенде «Әйтеуір үйге жеттім» деп тізерлеп отырған. Содан кейін ол президент өкімшілігіне барды. Сол жерде Петр Порошенко «Украина батыры» жұлдызын табыстады.

Алена КОЛУПАЕВА, Киев

Тағайындау

Түркия президенті Режеп Тайып Ердуан жаңа үкіметтің құрамын бекітті.

Түркияда жаңа Башбақан



Башбақан (премьер-министр) Бинали Йылдырым ұсынған тізімдегі 21 министрдің біреуі әйел. Ахмет Дәуітоғлының орнына келген Бинали Йылдырым бұрынғы үкіметте көлік, теңіз және коммуникация министрлігін басқарды. Ол екі күн елдегі билеуші әділет және даму партиясының құрылтайында бірауыздан осы

ұйымның жетекшісі болып сайланды. Түркиядағы заң бойынша, парламент сайлауында жеңіске жеткен партияның төрағасы үкіметті басқарады. Айта кеткен жөн, Р.Ердуанның күйеу баласы, бұған дейін энергетика және табиғи ресурстар министрі болған Берат Албайрақ өз қызметінде қалды.

сайлауға қалған бір жарым жылдық уақыт өте ұзақ болып көрінсе, онда олар үшін занды жол бар. «Халық Атамбаевтың отставкасын қалап жатыр» деген бастамамен, президент Атамбаевқа сенімсіздік таныту жөнінде референдумға шыға алады. Халық «Атамбаев кетсін!» деп дауыс берсе, онда мен референдумның ертесіне қызметімнен кетемін.

Шетелдік арнайы қызметтің генералдарының оппозицияны

– күтілген жағдай. Бұған дейін Ақаев пен Бакиевтің билігі тұсында да осындай жайттар болған. Атамбаев Мәскеумен қарым-қатынасты таза парактан бастаған. Бірақ Мәскеу Қырғызстанның алдындағы өз міндеттемесін орындамай келеді: мысалы, Ресей билігі уәде етілген Қамбар ата ГЭС-ін салмай қойып, Қырғызстан келісімнің күшін жоюға мәжбүр болды. Атамбаевтың 1916 жылғы Үркін оқиғасы туралы көп



қолдауына келсек, біздің ата-бабалар оны қолдау емес, «сатқындық» деп есептеген. Шетелдің арнайы қызметінің генералдары елімізге ешқашан ешқандай жақсылық алып келген емес. Біз оны 1916 жылдағы патша генералдарының ісі бойынша білеміз. Онда Қырғызстанның онтүстік аймағындағы халқының жартысы қырылған. Біз 2010 жылдың маусым айындағы шетелдік арнайы қызметтің генералдарының ісін де білеміз. Онда 400-ден астам жерлесіміз қайтыс болған»

Президенттің бұл сөзі қырғыз қоғамында қызу талқыға түсті. Сол арада құқық қорғаушылар Төлеуқан Исмаилова мен Әзиза Әбдірасұлова президентке наразылық шарасын ұйымдастырып: «Президент бізді шетелдің ақшасын алып жатыр деп негізсіз айыптауына құқығы жоқ» деп сотқа берді.

Бірақ кейбір сарапшылар оның сөзінде «Қырғызстанның ішкі саясатына араласқан арнайы қызмет генералдарын ауыздықтап және тыйып қоюға жараған жоқ» деп орыс билігіне наразы болып, «бақшасына тас лақтыра» айтқаны байқалды деген пікірде.

Сарапшылардың айтуынша, соңғы жағдайларда Ресей мен Қырғызстанның ортасындағы қарым-қатынастың нашарлап бара жатқаны

қозғағаны Бішкек пен Мәскеу мәмілесіне нүкте қоюы ықтимал», – деген ойын білдірді.

Еске сала кетсек, Қырғызстан Еуразия экономикалық одаққа қосылғаннан кейін, қиыншылық болатынын ескерткен. Одан кейін Ресей өзгеше бір қадамға барып, ұйымға қосылу салдарының реттелуін көздейтін орыс-қырғыз қоры құрылғанын жариялады. Алайда қордағы 500 миллион доллардың 90 пайызы Ресей қаржы министрлігі тарапынан орыс банктерінде тұралап қалған. Осыған наразы болған Атамбаев Путинге қарата айтқан мәлімдемесінде: «2012 жылы ГЭС бойынша келісім жасалып жатқанда, оны тұрғыза алмайтындарыңызды неге ескерткен жоқсыздар? Біз баска инвестор іздейміз» – деген еді.

Саяси сарапшы Марс Сариев: «Президент Атамбаев жоғарыдағы сөзінде ешқандай Ресейге наразылығын білдіріп, Қырғызстанның ішкі саясатына араласты деп Мәскеуді кіналаған жоқ. Ол бар болғаны бір топ адамға, нақтырақ айтқанда, Ресейде тұратын, бірақ ұлты қырғыз азаматтарға қарата айтты. Қырғызстан ақпарат соғысының нысанына айналды. Ресейде дәл қазіргі билікті жамандап келгендер, екі елдің достық мәмілесін қаламағандар. 2017 жылы болатын президент сайлауына дейін ұлттық күрестер болуда.

Батысшы үкіметтік емес ұйымдар бакиевшілермен бір лагерьде болып жатқаны өкінішті», – деген пікір білдірді.

Халық арасында Алмазбек Атамбаев туралы әртүрлі пікірлер айтылып келеді. Қоғамда оны ресейшіл президент деп есептейді. Бірақ олар анда-санда президенттің орыс билігіне жоғарыдағыдай қыр көрсетіп жатқанын түсінбей қалады. Кейбіреулері бұл жай ғана ел алдында өзін жақсы көрсетіп, патриот аудиторияға осындай жолмен жағыну мақсатында саяси ұпай жинағысы келетіндігін айтады. 2017 жылы өтетін президент сайлауы жақындаған сайын саяси ойын күшейіп жатыр ма? Әлде шынымен Қырғызстан лидері Ресейге тіс қайрап отыр ма? Әзірге бұл сұрақтың жауабын білмедік...

Азат ЖӘНІБЕКОВ, (Арнайы «Жас қазақ» үшін) Бішкек



Мерей

АУЫЛ-АЙМАҚТАҒЫ АХУАЛ

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов салтанатты жиынға катысып, мәдениет саласының қызметкерлерін мерекелерімен құттықтады. Өңір басшысы облысқа карасты аудандардың мәдениет бөлімінің басшыларымен жеке-жеке тілдесіп, бұл саланың ауыл-аймақтағы хал-ахуалын сұрады. І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының фойесінде әр аудан, әр қаланың мәдени өмірі туралы ақпарат-такта қойылған. Сонымен, таныса жүріп, сала жауаптарынан: «Қандай проблемаларың бар? Қандай көмек керек?» деп мәдениет саласының ауылдардағы түйткілді мәселелерін анықтап алды. Облыс әкімінің осы кендігіне разы болған мәдениет қызметкерлері бар мәселелерін алға тартты. Өз жұмысына өте мұқият қарайтын Амандық Ғаббасұлы ауылдағы жағдайлардың көбімен

Мәдениет пен өнер ұялаған жер қашан да дамыған, өркениетті ел саналады. Жер әлемдегі барлық ұлттың өзіне ғана тән мәдениеті мен өнері бөлініне сияқты, қазақ халқын да өзге елден өзгешелеп тұратын өзіне ғана тән өркениеті бар. Адам жүрегінің рухани сусынға қандыратын осынау саланың көтерер жүгі де жеңіл емес. Сондықтан, еліміз де бұл салаға атүсті қарамайды. Елбасының Жарлығымен 2013 жылы 21 мамыр «Мәдениет қызметкерлерінің күні» болып белгіленген болатын. Осыған орай, Алматы облысы мәдениет қызметкерлері жетістіктері мен өсу жолындағы қадамдарды тағы бір нақтылап алуға жиналды.



таныс болып шықты. Олардың барлығы шешілу үстінде екенін айтып, қуанып қойды. Мәселен, Іле ауданының аудандық мәдениет үйі — Чапаев ауылында орналасқан. Мәдени іс-шаралар өткен кезде аудан орталығынан Чапаев ауылына қатынау қиындық тудыратын көрінеді. Іле аудандық Мәдениет үйінің басшысы Қарлығаш Ахметбаева «аудан орталығына мәдениет үйін салуды қолға алса», — деген ұсынысын айтты. Оның сөзіне қарағанда, аудан орталығынан Мәдениет үйін салатын жер бөлінген, барлық құжат мәселесі реттелген, құрылыс келесі жылға жоспарланып отыр екен. Өңір басшысы болса, құрылыс жұмыстарын бастауды жылдамдатуы назарға алатынын айтты. Сондай-ақ бірнеше аудандық мәдениет үйлеріне транспорт, күрделі жөндеу қажеттілігі бар екендігі белгілі болды. Өңірдегі ең үлкен ауданның бірі — Талғарда әлі күнге мұражай жок екен. Ал Сарқан аудандық мәдениет үйі, Черкасск, Бакалы ауылдық мәдениет үйлері күрделі жөндеу жұмыстарына зәру. Биыл Черкасск ауылдық мәдениет үйіне қаржы бөлінген болса, Бакалы келесі жылға жоспарға енген. Аудан, қалалардағы саланың көмекке зәру тұстарына қанық болған облыс әкімі Амандық Баталов салтанатты жиын өтетін сарайға кіріп, мереке иелерін құттықтады.

ЖЕТІСУ — ҚАСИЕТТІ ӨНЕРДІҢ КИЕЛІ БЕСІПІ

Мәдениет — ұлттың қуаты, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан рухани болмысы, ақыл-ой, парасаты. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы: «Мәдениет — елдің ең басты рухани байлығы, асыл мұрасы. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, сол елдің еңсесі де биік болады», — деп атап өтіп, «Еуразияның ең бір бай да бірегей мәдениеті — қазақ мәдениеті» деген еді. Ұлттық мәдениеттің бір бөлігі, Жетісу өлкесі — қасиетті өнердің киелі бесігі, дарынды тұлғалардың мекені, — деген облыс әкімі Амандық Баталов Жетісу тарихында аты қалған Қабан

жырау, Ескекді, Балпық билерден бастау алып, Молықбай күйші, Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай, Ілияс, Сара, Дәнеш, Мұқан сияқты санлақтар көтерген өнердің тұғыры — әрқашан биікте екенін тілге тиек етті. Бүгінде сол өнердің занды жалғасы сияқты болған Қазақстанның халық әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Алмахан Кенжебекова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Парасат» орденінің иегері Өмірсерік Қалиев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Ұлжан Айнақұлова, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртістері Қанат, Айттұл Құдайбергеновтер, Тұрсынхан Қарақожаева, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Әли Алпысбаев есімдерін ерекше атап өтті.

КОЛДАУ МЕН ҚОРҒАУ

Биыл мәдениет саласының бюджеті 4,5 миллиард теңгені құраған. «Алтынай» би ансамблінің 30 жылдығына орай транспорт үшін 30 миллион теңге бөлінген. «Адырна», «Сазген», «Алтынай» ансамблдерінің музыка аспаптарына, сахналық киімдері дыбыс аппаратураларына 52,6 миллион теңге бөлінген. Өткен жылы Панфилов, Қаратал аудандары мен Талдықорған қаласында 4 жаңа мәдени нысан ашылды. Биыл 4 мәдени нысанға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Жетісу өңірінде жергілікті ақын-жазушылардың кітабын шығарып беру дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді. Биыл бұл мақсатты 80 миллион теңге бөлінген.

Облыс әкімі мәдениет саласындағы биылғы жылдың басты үлкен жаңалығы ретінде сөздің пірі — Сүйінбайдың, жыр алыбы — Жамбылдың



МӘДЕНИЕТ —

елдің

бейнесі

ескерткіштері шетелде орнатылып, олардың даңқы жұлмә жұртқа мәшһүр болатынына сенім білдірді. Сүйінбай Аронұлының ескерткіші Түркияның Анкара қаласында, Жамбыл Жабаевтың ескерткіші Сербия Республикасының қаласы Белгородта орын теппек. Ал Талдықорған қаласында былтыр ашылған «Жастар» саябағында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың мүсіні орнатылмақ.

БАСПАНАМЕН ҚАМТУ, МАМАН ТАРТУ

Өнер адамдарын қолдау да, таланттыларды өңірге тарту да өз ретімен жүріп жатыр. 2015 жылы облыстық драма театр және филармония әртістеріне 18 пәтер беріліпті.



Биыл бұл үрдіс те жалғасын табады деп сенеміз. Ал өнер ұжымдарындағы маман мәселесі биыл тіптен қарқынды. Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы және эстрада-цирк колледжінің актерлері облыстағы драма театрға шақырылған. Биылғы жылы «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамбліне 10 орын бөлінген. Сондай-ақ Қарасай ауданындағы «Анаға тағзым» музейіне 9 штат, «Үшқоныр» ансамбліне 35 штат беріліп отыр. Бұл дегеніміз — Талдықорғанға сақа таланттардың ізін басатын дарындыларды тартудың бүгінгі қам-қарекеті. Осыдан кейін облыста қалыптасқан мәдени ортаның үлкен шоғыры өшпейтіні сөзсіз.

халық театры, «Үздік өнер ұжымы» М.Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі және тағысын тағылар марапатталып, 100 теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. Ал қарқынды жұмыс пен табанды еңбектерінің арқасында «Үздік облыстық мәдениет мекемесі» номинациясын жеңіп алған М.Тынышбаев атындағы тарихи өлкекетану музейі автокөлікті қоржынына салды.

Артық ТОҚСАНБАЕВ,

Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның директоры: — Сүйінбай атындағы облыстық филармония фольклорлық-этнографиялық бағытта өнер көрсетіп келеді. Филармонияда ірі жетістіктерге жетіп жүрген М.Төлебаев атындағы оркестр, «Адырна», «Сазген» ансамбльдері ел ықыласына бөленіп жүр. М.Төлебаев атындағы оркестрі биыл қаңтар айында Мәскеу төрінде «Әлем таланттары» қорымен бірігіп үлкен концерт қойды. Астананың он жылдығына, Таразда өткен ұлы той — Қазақ хандығының 550 жылдығында өнер көрсетті. Алдағы уақытта «Адырна» фольклорлық этнографиялық ансамблі елімізге белгілі әніші Толқын Забировпен бірге Қытай Халық Республикасына барып, концерт қоюды жоспарлап отыр. Бұдан бөлек, филармония классикалық өнерді де жандандыруға талпынып келеді. Былтыр Жомарт Теңгебаев, Гүлім Асманова ерлі-зайыптыларды, Тілек Найманбаев деген опера әншілерін жұмысқа қабылдадық. Ерлі-зайыптылар баритон-сопрано дауысында ән шырқайды. Облыс әкімінің классикалық музыканың ортасын қалыптастыр деген тапсырмасы бар. Осыған орай, жұмыстар атқарылып жатыр. Жалпы, өнер адамдарына Алматы облысының әкімшілігі тарапынан қолдау мықты. Сондықтан, қазақ өнері, мәдениеті өлмейді деп ойлаймын.

көбінде халық билері бар. «Қара жорға», «Биші қайың», «Алтынай», «Көш керуен», «Тойбастар», «Тойға шауы» бй, орыс халқының халық билері, кадрей билері. Ансамбль осы халық билерін халық арасында насихаттау, дамыту мақсатында құрылған. Сол миссияны мұтікісіз атқарып келе жатыр деп ойлаймын. Панфилов аудан әкімі, ауданның мәдениет бөлімінің басшылары бізге үнемі қолдау көрсетіп отырады. Қолдауы бар өнердің өмірі де мәңгілік!

Төлеужан ҚҰМАРОВ,

мәдениет, мұрағат және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары: — Мәдениет саласы ең жауапты салалардың бірі. Сондықтан, оған қолдау да көңіл қуантады. Мәдениет саласына бөлінген қаржы жыл сайын өсуде. Алматы облысында 770 елді мекен бар, онда 563 мәдениет нысандары жұмыс істейді, 3000-ға жуық мәдениет қызметкерлері қызмет көрсетеді. 2010 жылы бұл саланың бюджеті бар-жоғы 500 миллион болса, бүгінде 4,5-5 миллиардқа дейін жетті. Биылдың өзінде 160 миллион тек қана материалдық-техникалық базамызға бөлініп отыр. Облыс әкімінің қолдауының арқасында жыл басынан бері Германия еліне М.Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі барып қайтты. «Алтынай» халықтық мемлекеттік ансамбліне отыз жыл болды.

Шынарғұл ОҢАШБАЙ, Алматы облысы

Нұрғайша ҚАСЫМОВА, «Айжанқыз» халықтық би ансамблінің жетекшісі: — Біздің «Айжанқыз» халықтық би ансамблі халықтық атаққа 2009

жылы ие болды. Биыл құрылғанына он жыл болады.

Панфилов педагогикалық колледжінде (қазіргі Жаркент гуманитарлық колледжі) 2006 жылы құрылған. Панфилов ауданының барлық мәдени шараларына атсалысады. Бірнеше халықаралық, облыстық, республикалық байқаулардан жүлделі орындарды иелендік. Республикалық «Өнерім — өмірім» байқауынан бас жүлдені алдық. Республикалық «Асыл мұра» байқауынан жолдама алып, «Ғұмырдария» халықаралық байқауына қатысып, бас жүлдеге ие болдық. Үш-төрт жылда ансамбль құрамы ауысып отырады. Колледждің бірінші курс студенттерінен өнерлілерін іріктеп алып, ансамбльді жасақтаймыз. Сара Темірбаеваның тікелей қолдауымен ансамбль өмір сүріп келеді. Біздің репертуарымызда



Мәселе

Қыстан қалған шөптің үстінде екі жасөспірім екі иықтарын жулып жеп күресіп жатыр. Тегін қызыққа ентелеген он-он бесі қиулап, аруак шақырып, дем беруде.

— Тобықтан қак, Берік, неменеге қарап тұрсын? — деп айғайлайды ұзынтұра біреуі.

Денесі төртпактау келген, балуан бітімді Берік алып та жыққысы келеді, шалып та жыққысы келеді. Бірақ ынта болғанымен, әдіс кемшін. Қос білегінен қара күші саулап тұрғандығы көрініп-ак тұр. Сәлден кейін кеуеі де қара терге малшынды. Ауыл күресінде шектелген белгілі бір уақыт жоқ. Қашан біреуінің жауырыны жер иіскегенше алыса береді. Әлден уақытта қарсыласы Берікті жамбасқа түсірді. Берік орнынан ауырсына тұрды. Жұқа ғана төселген шөптің астында жылқының тоқпан жілігі жатыр екен. Мүжіліп, әксем болған, әбден қатып-сеңген жіліктің үстіне жауырынымен жығылыпты.

— «Жығылғанды жер көтереді» дейтін атам, — деп жұбатты айғайлай-айғайлай дауысы қарлыққан бір бозбала.

Ауыл күресі осы. Жаттықтырушысы жоқ. Кілем екі бастан. Сабактан соң бұлғактап бос жүретін ауыл балалары көктем шыққан соң ептеп ермек қылады. Жаз қызығы басталғанда күрес маусымы төмам.

Аксақал Әбен Айтбаевтың айтуынша, Қажымұқан атамыз бен Балуан Шолақты айтпағанда, бұл өңірде жауырыны жерге тимеген талай балуан ғұмыр кешкен. Ақан серінің үзенгі жолдасы болған Қойқүзет балуан үш жүздің басы қосылған талай аста түйе балуан атанған. Бірақ бүгінгі күні бұл өңір мұндай мерейге, мәртебеге жете алмай, сағын сындыруда. Енді осының түпкі себебі неде? Көкшетау қаласындағы казак күресі мектебінің күрес залына бас сұқтық. Мұнда төрт жаттықтырушы еңбек етеді. Әрқайсысының тобында шамамен 30 баладан бар. Күрес залының есігі таңғы сағат тоғыздан, түнгі сағат онға дейін жабылмайды. Жаттығу тегін. Барлық жағдай қарастырылған.

Жаттықтырушы
Әнәс Исиннің
айтуына қарағанда,
ең басты мәселе
— облыстың
көптеген елді мекендерінде
қазақ күресі үйірмелерінің
болмауында. Дәлірек айтатұғын

болсақ, Степногорск қаласында, Шортанды, Жақсы тәрізді бірқатар ауданда қазақ күресінің жаттықтырушысы мүлдем жоқ. Оқушылар арасында өткізілетін облыстық, республикалық спартакиадаларға облыстың құрама командасы қатыспайды. «Жас барыс» ауылдық, аудандық жерлерде сирек өткізіледі. Нағыз қалың қазақ жайлаған ауылдарда жаттықтырушы да, күрес

Қазақ күресінен облыстық турнир өткізілді. Қараөткел мен Көкшетаудың арасын кең жайлаған қара ормандай қалың елдің білекті де жүректі жампоз жігіттері боз кілемнің үстінде күш сынасты. Облыстың барысы анықталды. Өте жақсы. Тек әншісі мен балуаны көп туған өңірдің республикалық турнирде бір баласының бағы жанбай жүргені елдің сағын сындырып тұр. Жарыс өткізіле сала, осы бір олқылықтың себебін іздеп, балуандардың бағын байлап жүрген қандай кесел екендігін анықтауға тырыстық.



Күреспесек кімді жеңесек?



залы да, күрес кілемі де жоқ екен. Банкер «қазақ күресін шындап дамытамыз десек, өзімізде, облыс орталығында республикалық турнирлер өткізу

керек. Онда да ересектер арасында өткізген өте маңызды», — дейді. Міне, осындай жарыстарда балуандар іріктеліп, тәжірибе алмасып, шыңдалар еді. Ендігі бір өте өзекті мәселе — казак күресіне деген көзқарас. Айталық,



спорттың футбол, волейбол сиякты түріне қаржы көп бөлінеді. Ал қазақ күресіне дегенде, сараңдық таныту әлі де қалмай келеді. Жаттықтырушылардың айтуына қарағанда, күрес өнерімен шұғылданатын балалардың бәрі әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасылардың өрендері екен. Олар боз кілемнің үстінде қарсыласымен емес, өмірдің қиыншылығымен күресіп жүргендей көрінеді. Жасыратыны жоқ, көп жарысқа жаттықтырушылар балаларды өз қаражатына апаруға мәжбүр. Мұндайда қолдың қысқалығы көрініп қалады. Егер қаржысын қайда қоярын білмей жүрген ауқаттылардың балалары болса, еш қысылмай жердің түбінде өтетін жарысқа жіберуге қауметі қаптап жетер еді. «Кедейдің күні кіжінуден өтеді» дегендей ата-анасының ниеті болғанымен, қаржысы жоқ.

Ауылдан шыққан, күрес десе аркасы қозып тұратын балаларға обал-ак. Өйткені, ауылдық жерде күрес үйірмесі болмағаннан кейін олар жаттығуды облыс орталығына жоғары немесе орта арнаулы оқу орындарына түскен кезде ғана бастайды. Бұл кезде кеш. Егер ерте бастағанда, тәп-тәуір балуан шығар ма еді, кім білсін. Ауыр салмакты балаларды табуға болар еді. Бірақ олар бірден жарысқа қатыса алмайды ғой. Төрт-бес жыл дайындау керек. Ауылдық жерде казак күресінің үйірмесі болмағандыктан, облыс орталығында ауыр салмакты балаларды күрес өнеріне баулу үшін жағдайын жасау керек. Ондай мүмкіндік әзірге жоқ.

Қазақ күресінің
жаттықтырушысы Ерік
Шолимов нәтиже шығару
үшін спортшыларды
жарыста шыңдауымыз
керек деп отыр. Олай
болмаған жағдайда
спортшының ынтасы
кеміп, қызығушылық
жоғалады. Тіпті бүгінде
кілем үстіне киіп шығатын киімі жоқ десе,
ешкім сене қоймас.

Жоғарыда біз айтқан көңілдегі күдіктің жатқан жері осы. Шеберлігіне салмағы сай, қажырына қауқары серік, пішін-пошымы, бітім-енсесі түйдеі түйе балуанымыз болмаса, байрақты бәсекеде бағымыздың жануы екіталай.

Байкал БАЙӘДІЛОВ

Саяхат

Алдағы уақытта Алматы облысының туризм саласына баса назар аударылып, тәжірибелі Мысыр елінің озық үлгілерімен танысатын болады. Бұл туралы Алматыға ресми сапармен ат басын бұрған Мысыр туризмінің әкімшілігі мен Мысыр мейманханашылары қауымдастығы өкілдерінің, Алматы облысы әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиевпен кездесуінде мәлім болды.



Мысыр жақындай түсті

Ресми делегациямен қатар Алматыға Оңтүстік Синай губернаторы Халид Фуда, Мысыр туризмі әкімшілігінің жоспарлау бөлімінің басшысы Ахмет Шокри, Мысыр мейманханашылары қауымдастығының басшысы Ахмет Аюб, сондай-ак 13 жетекші мысырлық-туристік операторлардың өкілдері келді.

Кездесу барысында Алматы облысы мен Мысырдың ең танымал туристік аймағы Оңтүстік Синай провинциясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Алматы облысы әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев «Біз үлкен келісімге қол қойып отырмыз. Алматы облысы мен Оңтүстік Синай арасындағы келісім біз үшін өте маңызды. Екі жакты келісімнің басты мақсаты — білім, мәдениет, спорт, туризм саласын дамытуға бағытталады. Осы орайда, Египет бізге үлкен мүмкіндіктерді ашып отыр.

Сонымен қатар бұл келісім екі елдің туристік компаниялары арасында серіктестік қарым-қатынастың нығаюына негіз болады» — деп атап өтті.

Дәстүрлі түрде туризм Мысыр экономикасының ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. 4 миллионнан астам мысырлықтар туристік салада жұмыс жасайды. Елдің жалпы ішкі өнімінің 12% жуығы — туризмнен түсетін табыс. Соңғы онжылдықта Мысырға бағыт алған туристік ағын үш есе артты.

Туризм үшін ең танымал аймақтар болып, Оңтүстік Синай мен Қызыл теңіз жағалауы қалуда, олар туристік ағынның 70% камтиды.

Еліміздің тұрғындарына арналған Мысырдағы туристік мүмкіндіктерге келер

болсақ, Мысырдың туризм министрлігі және мысырлық туроператорлар екі елдің тиімді ынтымақтастығының жалғасуына ниет білдіріп отыр. Бүгінгі күні казакстандық туристерге ең жоғарғы сападағы қызметтің жаңа түрлерін ұсынуға дайын.

Айта кетелік, соңғы 60 жыл ішінде әлемде туристер саны бір жылда 25 миллионнан 1 миллиард адамға дейін артқан. Бұл сала тұрақты түрде дамып жатыр. Қазіргі таңда жер шарының әрбір 11-ші тұрғыны туризм саласында қызмет етеді.

Ал елімізден Мысырға баратын туристер саны да жылдан-жылға артуда. Былтыр Мысырға біздің елден 22 мыңнан астам адам туристік сапармен барып қайтқан.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ЖЕТИСТІК

Ядролық реактор қауіпсіз отынға көшірілді

Еліміздің Энергетика министрлігіне қарасты Қазақстан ядролық физика институты зерттемелі ВВР-К ядролық реакторының энергетикалық қосылуын жүзеге асырды. Реактор Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) бақылауымен жаңғыртылып, ядролық отынның жоғары байытылған түрінен төмен байытылған түріне көшірілді.



Биылғы жылы Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Бейбітшілік. XXI ғасыр» манифесімен Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздік саммитінде әлем қауымдастығын ядролық қаруды таратпау қағидасын ұстанып, ядролық энергияны тек бейбіт мақсатқа пайдалануға шақырған болатын. Енді, міне, жаңғыртылған ядролық реактордың іске қосылуы манифестегі бастамаларды жүзеге асырудағы нақты қадам болып отыр.

Төмен байытылған уран зерттеу реакторы үшін ең қауіпсіз отын саналады. Өйткені, ол ядролық қару жасауға жарамсыз, сондықтан ланкестердің қызығушылығын тудырмайды. Төмен байытылған уран тек бейбіт мақсатта — ғылым, медицина, өнеркәсіпті дамытуға пайдаланылады.

1967 жылы пайдалануға берілген реактордың бұл үшінші рет іске қосылуы. Кеңес дәуірінде ол ғарыш саласында — ғарыш ядролық құрылғылары құрамдарын сынау үшін пайдаланылды. Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ВВР-К ел ішіндегі жалғыз ғылыми және тәжірибелік маңызы бар, көп мақсатты реактор болды. Оның базасында

іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіліп қоймай, сонымен бірге медицина мен өнеркәсіпке арналған радиоизотоп өндіріледі.

— Бүгінгі күні әлемде 400-ге жуық зерттемелі ядролық реактор қолданыстан шығарылған жоқ, — дейді КР ЭМ ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиев. — Ядролық қаруды таратпау жөніндегі бастама шеңберінде барлық елдер оны төмен байытылған уранға көшіруге тырысуда. Сол арқылы өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Өйткені, жоғары байытылған ураннан ядролық қару жасауға болады. Біз де осы бағытты ұстанамыз — біздің реактор ел ішінде бірінші болып, төмен байытылған отынға көшірілді. Жаңа буынның отыны реактордағы нейтрон ағымы өсімін екі есе арттыруға мүмкіндік береді. Тиісінше, зерттеліп жатқан материалдардың жоспарлы сәуелеленуі мөлшеріне шапшаң қол жеткізуге болады.

Руслан ДОСТАЕВ





болды десем болады. Өзі бауырмал да... Кеңес кезеңінде ауданның бірінші басшысы болып тұрғанында әйда келіп, ағайындарын қылтиған қызметке тағайындап тайрандағаны бар. Онысынан көресесін көрсе де қоймағанын тағы білеміз. Мені де сүйрелеп, бірер жыл мектеп басқарғаным соның аркасы. «Қызмет қолдың кірі, бірде бар, бірде жоқ, мен отырғанда істеп қалындар» деп ағынан жарылушы еді.

Несін айтайын, қайда жүрсе де, әйтеуір ат үстінде болғанында қарайласпаған ағайыны жоқ, ру-аталас тұрмақ, жиен-нағашыға дейін жарылқап шыырлады емес пе...

Мына заманда мемлекеттік қызметте емес, жеке кәсіпкер, кәсіпкердің көнігісі, дәй шаруаны дөңгелетеді деп естігенмін.

Қызмет орнына табан тіреп, кідіріп жатыр, күте тұрыңыз деген соң, қарап отырғанша деп басқарып отырған тірлігін аралаған болдым. Ондағым — көзі таныс, ағайын жұртымның

Аталас болып келетін ағайынға келе жатырмын. Туылғаннан тірлігіне мығым болып өсті. Кеңес кезінің өзінде аттың үстінде

қаншасын кезіктірір екенмін деп... Ойпыр-ай, кілен басқа ұлт. Телміре сүзіп шықсам да ағайын тұрмақ өзі де, көзі де танысты ілуде ұшырата алмадым... Алдында отырып ардың-гүрдің өңгіме бітті-ау деген мезетте: — Қызметіңнен ағайын көре алмадым?... — деп кідіріп едім:

— Е, ол заман өткен, — деп менің нені



мензегенімді деп басып ағыл-тегіл ағытылсын. — Құрлас, өзіне шынымды айтайын, бір кезде мемлекеттің құзырында жүріп, мәймөңкем тасып ағайынға қызметті шүлен үлестіргендей үлестіргенім рас... Жеке кәсіп ашып ағайынды тағы да жарылқағаным бар... Мынау заманда ағайынмен алысқа бара алмайды екенсін... Жауапсыздық та, жалқаулық та, кері кетіп кердендеу де солардан болды. Ағайынмен істесем деп екі-үш

сұрап келгенімді айтқызбай-ақ ұғып, қолымдағы «Резюмесіне» көз жүгіртіп өтті де:

— Алар-ақ едім, ағайындыкқа басалды — бас ауырады, балтыр сыздайды, ыңкыл-сынқылмен кері кетіп кергиді-ай келіп. Білемін, «өйтпейді» деп талай өмірем қаптырған!.. — деп өкірендеп баралы екен, су сіміріп, оған да су сіміртіп сабасына түсіріп барып кете бардым.

...Ойлап көрсем, оныкі жөн! Қызметте жүргенінде ағайынның ұмытпай өлермен өзім болды...

«сма́ртфон», «Whats App»

«Смартфон» және «WhatsApp» сөзі қазақшаға тәржімаланатын болды. Бұл туралы есеп беру жиынында еліміздің Мәдениет және спорт министрлігі хабарлады.

Ағылшын тілі жыл сайын 6 мың жаңа сөзбен байып отырады екен. Яғни «сма́ртфон», «WhatsApp» деген сияқты жаңа сөздер пайда болып жатыр. Қазақ тілінің терминологиясына сай біз оларды аудару керекпіз», — деп түсіндірді министрлік.

Ұлан Батырға ұшпаймыз

«Эйр Астана» әуекомпаниясы Астана мен Ұлан Батыр арасындағы 2 маусымнан кейінге жоспарланған әуе рейстерін тоқтатуға мәжбүр. Компанияның хабарлауынша, бұған Моңғолия әуе билігінің рұқсат бермеуі себеп.



Екі ел арасындағы әуе кеңістігі туралы келісімге 1992 жылы келсе, 2014 жылы бағыттарды ашу туралы меморандумға қол қойылған. Әуекомпания Моңғолия азаматтық авиациясының аудитінен ешқандай ескертусіз сәтті өткен болатын. Осы жылдың наурыз айында ұшуға рұқсат берген. Алайда сәуір айында еш себепсіз келісімді тоқтатты. Сыртқы істер министрлігі мен Инвестициялар және даму министрлігі, «Эйр Астана» қанша әрекеттесе де, Моңғолия әуе билігі өз шешімін өзгертпей отыр. «Эйр Астана» әуекомпаниясы келтірілген қолайсыздықтар үшін өкініш білдіріп, билет алып қойған жолаушыларға хабар беруде.



«Жұлдыз ауруы» ма, әлде менмендік пе?

«Алло» әнімен танымалдығы арта түскен жас әнші Төреғали Төреәлі журналистерден қашып жүр. Бұл туралы «Айқын» газеті былай деп жазды:

«Әнші жігіттің кеші болар алдында оның пиар-менеджері Фариза есіміді бойжеткенге қоңырау шалдық. Мақсат — әншімен кеш алдында аз-кем тілдесу. Хабарласқанымызды қайтейік, сөзіміздің соңына дейін тыңдамастан, тұтқаны қоя салды. Тілішілермен неге тілдескісі келмеді? Бұл әншінің көзқарасы ма, әлде менеджерінің қалауы ма? Ұққанымыз — әнші газетке сұхбат беруден қашатын секілді. Не себепті? Соңғы кездері мұндай үрдіс әншілердің арасында көбейіп кетті. Сонда олардың қазақ басылымдарын менсінбегені ме? Тіпті кейбірі газет оқымайтындықтарын, қазақ баспасөзінен мүлдем хабарсыз екендіктерін жасырмайды. Бұл не? «Жұлдыздық» па, әлде менмендік пе?» Әлде телеарналардан жиі көрінсе, өздерін жарық жұлдыз санауға бола ма?



«Жас қазақ» газетінің ұжымы Астанадағы меншікті тілшіміз, белгілі журналист Төлен Тілеубайға інісі Нұркен Зәрубайұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты кайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Директор — Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алкасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары Төлен ТІЛЕУБАЙ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Бөлім редакторлары: Марат МАМАНБАЙ — <i>қоғам және әлеумет</i> Мақпал НОҒАЙБАЕВА — <i>өнер және руханият</i> Руслан ДОСТАЕВ — <i>арнаулы тілші</i> Кәмшат ТӨЛЕШОВА — <i>терімші</i> Мехмет СЕМЕРЖИ — <i>фототілші</i>	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76) Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96) Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22) Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы) Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108) Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2100; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 45 000 дана Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, соңдай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.</i>
---	---	---	--